

## Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 17 наурыздағы № 4С-6/4 "Бір жолғы талондар бағасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2010 жылғы 9 тамыздағы № 4С-24/3 шешімі. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қыркүйекте № 1-12-134 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 5С-14/6 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2012.12.12 № 5С-14/6 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36 бабына сәйкес, Жарқайың аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш И М**

**Е Т Т I :**

1. Жарқайың аудандық мәслихаттың «Бір жолғы талондар бағасын бекіту туралы» 2008 жылғы 17 наурыздағы № 4С-6/4 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-12-83 тіркелген, 2008 жылдың 11 сәуірде "Целинное земля" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер

**енгізілсін:**

шешімнің тақырыбындағы "бекіту" деген сөз "белгілеу" деген сөзben ауыстырылсын;

шешімнің кіріспесіндегі "2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының "Бюджеттегі салықтар мен басқа да міндettі төлемдер туралы" Кодексінің 373 бабына" деген жолдары "Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36 бабына" деген жолдарымен ауыстырылсын;

1 тармақта "Бекітілсін" деген сөз "Белгіленсін" деген сөзben ауыстырылсын;

2 тармақта "Бекітілсін" деген сөз "Белгіленсін" деген сөзben ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің №1 қосымшада "Жолаушыларды тасу жөніндегі жеңіл автомобиль көліктерінің жеке иелерінің қызметтері (лицензиялық

тасымалдаудан басқа да)" деген 8 жолы алынып тасталсын.

2. Осы шешім Жарқайың ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудандық сессиясының төрағасы</i> <i>хатшысының м.а.</i> "КЕЛІСІЛГЕН"	<i>Аудандық</i> <i>С.Оспан-Ұлы</i>	<i>Мэслихат</i> <i>Мэслихаттың</i> <i>бойынша</i>
<i>Жарқаыйың ауданы</i> <i>салық басқармасының бастығы</i>	<i>Е.Шоламбаев</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК